

Ш. ӘЛЖАНОВТЫҢ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ БАЛАНЫҢ ОҚУ БЕЛСЕНДІЛІГІН АРТТЫРУДАҒЫ ОЙЛАУ ІС-ӘРЕКЕТІНІҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Ш. Әлжанов психология, педагогикалық психологияға қатысты «Халық ағарту қызметкерлерінің білімін көтеру жайындағы басты материалдардың жинағы» атты кітапта оның «Ес және есте қалдыру мәселелері. Ой мәселелері. Дағдылану мәселелері» деген еңбегі жарияланды, ол психологияға байланысты қазақ тіліндегі марксизм ілімі тұрғысынан жазылған алғашқы еңбектердің бірі болып табылады. Ғалым оқушылардың жеке дара психологиясында кездесетін ерекшеліктері туралы сөз қозғайды, эксперименттік зерттеулер мен бақылаулардың нәтижелерін ортаға салады. Оқушылардың ес және есте сақтау, ойлау, дағдылану ерекшеліктерін ескере отырып, мұғалімнің сабақты тиімді өткізе алуына үлкен мән береді. Материалды берік есте қалдырудың жолдарын ұсынады [1]. Оның айтуынша, жасы бірдей балалардың есте сақтау ерекшеліктері біркелкі болмайды, онда өзгешеліктер бар. Кейбір балалар көп материалды ұзақ уақытқа дейін есінде сақтай алса, кейбіреулері ондай емес, олар материалды аз уақыт шамасында ұмытып қалады, ал одан да басқа балалар көлемі үлкен материалды тіпті бірнеше рет айтқанда ұғына алмайды.

Ғалымның пайымдауынша ес процесін психологтар мына түрлерге бөледі: көзбен көру, есту, қозғалыс және т.б. Бір оқушы көзімен көрсе, тез түсініп, тез есінде қалдырады, екінші бала құлағы арқылы естігенді тез есте қалдырады. Енді біреулер көрумен естуді қатар пайдаланып, есінде жақсы қалдырады. Міне, бұл өзгешеліктерді еске алмайынша, бет алды қалай болса солай оқытуға болмайды деп көрсетеді.

Сабақ үстінде материалды берік түрде есте қалдыру көбінесе оның мазмұнына, үлкенді-кішілігіне, яғни бар сипатына байланысты. Мысалы, жердің, таудың, өзеннің, көлдің, қаланың, ауданның аттарын жеке алып жаттау дұрыс болмайды. Солардың аттарын бір оқиғаға, басқа бір нәрсеге байланыстырғанда, ол есте берік қалады. Не болса да, құрғақ жаттаудан қашу керек. Оқушылар материалды саналы түрде ойлап, талдап, талқылап, мазмұнын түсініп барып еске сақтауы керек. Кейбір материалдар мысалы, көбейту кестесі, әртүрлі химиялық формулалар, ана тілі мен есептегі ережелерді бірнеше рет пысықтап, есте қалдырмаса, бір оқып, қайталағаннан есте қалдыра қою қиын. Мұғалім сабақ кезінде айтылған материалдардың бәрін оқушының есінде қалдырамын деп әуреленуінің қажеті жоқ. Осы мақсатпен ұшы-қиыры жоқ материалды көбейте берудің пайдасы жоқ. Мысалы, қоғамтану сабағында қаптаған цифрларды тізе беруден пайда аз. Өйткені оның бәрі баланың есінде түгел қалмайды. Сол үшін мұндағы ең негізгі, керекті цифрларды есте қалдыру жағына көңіл бөлу қажет. Материалды есте қалдырудың жолдары толып жатыр. Мысалы, оларға өз беттерімен іздену, жазу, оқу жағынан дағдыландыру, лаборатория мен кабинеттерде жұмыс істеттіру, көрнекі құралдар жасату, өткен сабақты жаңасымен байланыстыру және т.б.

Ш.Әлжанов ой мәселелеріне де үлкен қызуғылықпен қарайды. Ой ғалым бойынша баланың ойын өсіріп дамыту, өз бетімен ойлап іс істеуге үйрету негізгі мәселенің бірі. Бұл мәселені психология ілімі терең түрде талқылайды. Ғалымның айтуынша бала болсын, үлкен болсын бәрінің де ойлау процесі тілге байланысты. Тілсіз ойлау қиын. Ендеше бірте-бірте баланың тіл байлығын молайтпайынша оны өсіру мүмкін емес. Мәселенің осы жағы, баланың жас өзгешеліктері мұғалімдерде

жоқ емес дейді. Мысалы, кейбір мұғалімдер сабақты түсіндіріп сөйлеген кезінде сөйлемдерін созып, шұбалаңқы түрде құрады, ылғи көп сөздерді көбейтіп, оларды балаларға түсіндірмейді. Мұндайда материалдың мазмұнын түсінбей қалады, не шала, теріс түсінеді, құрғақ жаттап алады. Материалды сатылап, жүйелі түрде түсіндірмеген уақытта бала жүйелі ойлауға үйрене алмайды. Не болмаса мұғалім материалды жеңілдетіп, оңайлатып жібереді. Мұндай жағдайда баланың ойы дамып, өсуіне мүмкіндік тумады. Бала тек даяр тұрған қорытындыны жаттап алмасын, оның қажетін жаттап, екшелеп-текшелеп барып ойында қалдырсын. Ендеше, мұғалімнің міндеті ілімді сын көзімен қарап, тексеріп барып, оқушыны тәрбиелеп, өсіруі керек деп түсінеді Ш.Әлжанов [2].

Дағдылану мәселелері де ғалым Шарафи Әлжановтың зерттеу объектілерінің бірі болып табылады. Оның айтуынша дағдылану әртүрлі болады: білімге негізделген, негізделмеген және білімсіз дағды. Мысалы, ұста, ағашшы тағы сол сияқты кәсіптерді оқып, білмей-ақ, тек тәжірибе арқылы меңгеруге болады. Мектепте әдейі арнаулы дағдылану жұмыстары бар. Мысалы, ана тілі, есеп, сурет салу, сызу, еңбек сабақтарындағы дағдыланулар. Бұлар ұзақ уақыттық, үздіксіз жаттығу жасауды қажет етеді. Сонда ғана оқушылар берік түрде дағдыланып, үйреніп шығады. Мәселенің негізі – дағдылардың берік, тұрақты болуы.

Ғалым істі істей білу, дағдыланудың өзі жаттығу арқылы болады деп пайымдайды. Жаттығудың анда-санда бір болмай, жүйелі, жоспарлы түрде болғаны пайдалы. Бірнеше дағдыны біржолата беруден қашу керек дейді. Оқушылар бір дағдыны білгеннен кейін екінші дағдыға көшуге болады. Дағдыландырғанда жас өзгешеліктерін ескермейінше болмайды. Төменгі сыныптағы жас балалар бір жұмысты ұзақ уақыт істеп отыра алмайды, олардың төзімі, шыдамы жетпейді, сол үшін жаттығулардың өзі біріншіден, қысқа болуы, екіншіден түрлерінің өзгеріліп отыруы шарт. Ғалым кейбір дағдыларды балалардың ойынымен байланыстыруға болады деп педагог-психологтарға кеңес береді.

Атақты жазушы, ғалымның шәкірті Әди Шәріпұлы халқымыздың тұңғыш педагогтарының бірі, қадірлі ұстаз, профессор Шәрапи Есмұхамбетұлыны: «педагогика тарихынан Ян Амос Каменский, К. Ушинский, А.С. Макаренко және дүниежүзінің басқа да белгілі-белгілі педагогтары жөнінде дәрісін мүдiрместен қазақ және орыс тілдерінде оқушыларға түсінікті түрде оқитын. Студент қауымы оның дәрісін босатпайтын, бар ықыласымен көңіл қоя тыңдайтын. Өйткені, ол К. Ушинский мен А. Макаренконың педагогикалық көзқарасын түсіндіргенде, көптеген мысалдармен миға қонымды түрде айтып беретін. Екі тілде де шешен сөйлейтін. Ол бүкіл жер жүзіндегі педагогтардың педагогикалық көзқарастарын, тәрбиелік мәнін тайға таңба басқандай түсіндіретін. Ол өте қарапайым, оқушы қауыммен сөйлескенде, емтихан алғанда еш уақытта қабағын түйіп, оқушыларының үрейін алмайтын. Жайдары, жымыып күліп отыратын ақ көңіл, қарапайым кісі еді. Сондықтан ол кісіге емтихан беріп отырғанда оқушы да қорықпай, үрейленіп сескенбей, қысылып-қымтырылмай өз білгенін асықпай-саспай айтып беретін. «Қанағаттанғысыз» деген баға қоюға өте сараң кісі болатын [3].

Абай Құнанбаев пен Ыбырай Алтынсарин туралы дәрістерін оқығанда, олардың оқу-тәрбие, жастарды адамгершілікке, әдептілікке, рухани болмысының жоғары болуына, еңбек етуге баулу мәселесіне тоқтағанда, олардың педагогикалық көзқарастарын айтқанда жүйрік аттай тоқтамастан шешен сөйлеп кететін. Абайдың еңбек тақырыбына, жастарға тәлім-тәрбиелік мәні бар көптеген өлеңдерінің мазмұнын, құрылысын буын-буынына дейін түсіндіретін, әр сөздің мән-жайын ашып,

терең талдайтын және өлеңдерін жатқа айтып, талдағанда оқушы қауымы оның білгірлігіне таң қалатын» – деп еске алады.

Заман талабын жетік түсінген ғалым сол заманда-ақ мемлекеттің өндірістік саласын дамытуды назарына алады. Осылайша, барлық білімнің алғашқы баспалдағы болып табылатын мектептерді заман талабына сай қайта құру жұмысына атсалысады. Осылайша 1934 жылы қазіргі Абай атындағы Қазақ Ұлттық Педагогика университетінің (бұрынғы ҚазПИ) қабырғасында Алматы қаласындағы мұғалімдер мен ғылым қызметкерлерінің жиылысында «Ауыл мектептерін политехникаландыру жолдары» атты тақырыпқа ірі баяндама жасайды. Ол баяндамада Қазақстан жағдайында қазақ мектебін политехникаландыру жолын талдау, атап айтқанда, қазақ ауыл мектебін политехникаландыру жолын талдау және оны үніле тексеріп өту мәселесі көтеріледі. Өз сөзінде профессор «Қазіргі социалдық құрылыстың өркендеуі – біріншіден бұқараның мәдениеті мәселесіне, екіншіден, кадр дайындау мәселесіне байланысты. Даярлау мәселесі өте-мөте үшкір тұрып келеді, енді тіпті үшкірленіп отыр. Сондықтан мектептерімізді жіті түрде қайта құру мәселесі келіп туып отыр, атап айтқанда бұларды көбінесе біздің қажеттілігімізге сәйкестеу қажет. Біз кадр жөнінде сөйлегенде жоғарғы мектептеріміз бен техникумдеріміз арқылы даярлап отырған кадр туралы ғана сөйлемейміз, бұл кадр мәселесін кең мағынада сөйлейміз. Кадр даярлаудың негізгі алқабы, негізгі тиянағы да біздің мектептер болып есептеледі. Міне, кадрларымыздың сапасы да осы мектептерде жұмысты дұрыс жолға қоюмен байланысты» деп елдегі азаматтардың әл-ауқатын жақсартуда, экономиканы көтеруде мектептердің, нақтылап айтсақ, мектептердегі білім берудің мәселелеріне аса назар аударады.

Ш.Әлжанов білім берудің методикаларын жетілдіру, сапасын арттыру, баланы тәрбиелеу (эстетикалық), жалпы мектептің оқу процессін жақсартуға ат салысты. Бұл орайда «Қазақстандағы ұлттық мәдениет проблемалары және ғылыми зерттеу педагогика институтының алдындағы кезекті міндеттері» атты еңбегінде өзі қызмет атқарған, педагогтарды даярлауда жетекші оқу ордасы екенін түсініп, қазіргі кезеңдегі Абай атындағы Қазақ Ұлттық Педагогика университетінің (ҚазПИ) алдына міндеттер қояды. Ол міндеттердің ішінде: «1) педагогиканың теория-методология негіздерін Қазақстандағы мәдениет құрылысының өзгешеліктеріне лайықтап зерттеу, педагогика проблемаларын зерттеумен қабат Қазақстан жағдайында ұлттық мәдениет туралы проблемаларын тексеру; 2) Қазақстандағы жалпы мектептердің және үлгілі мектептердің тәжірибелерін қорытып, соған сүйене отырып, ағарту орындарына саяси, ғылыми жағынан толымды программалар жасап беру жұмысына атсалысу, әр түрлі жеке пәндердің оқыту әдістері жөнінен методикалық құралдар жазу; 3) мектептегі оқу-тәрбие жұмысын политехникалық негізде қайта құру; 4) ұлт мәдениеті жайынан, тәрбие, білім, политехника және педагогика жайынан Қазақстан жағдайына лайықты түрде ғылыми еңбектер шығару; 5) педагогика тарапынан әр түрлі маңызды проблемаларды теория жағынан талдап, зерттеумен қабат, мектептердегі озат тәжірибені қорыта отырып, алдымен ауыл мұғалімдерінің білімдерін көтеріп, әдісі жағынан қаруландыруға көмектесу» сияқты отанымыздың білім беру ісін жақсартуға бағытталған ұсыныстар мен міндеттерді алға қояды. Сонымен қатар ғалым кез-келген оқу орындарында білім берумен қатар әрқашан мәдениет те тәрбиеленіп, жас буынның бойына сіңдірілуі қажет деп табады. Мектеп сол мәдениет құрылысының негізі ретінде қарастырылып, институттың да негізгі зерттейтін объектісі ретінде қарастырылады [4].

Ол өзінің осындай ойларын сол кездің өзінде-ақ айтып өткендігін осы еңбегінен байқауымызға болады. Сонымен қатар, оқушылар оқу материалдарын көзімен көріп, шапшаң түсініп, тез есінде қалдырады немесе құлағы арқылы естігенді тез есте қалдырады, ал басқа оқушылар көрумен естуді қатар пайдаланып, материалды есінде жақсы қалдырады. Оқушылардың осындай жеке тұлғалық ерекшеліктерін ескермейінше, мұғалім тиімді, жүйелі оқытуға қол жеткізе алмайды. Оқушылар материалды тек саналы түрде ойлап, талдап, талқылап, мазмұнын түсініп барып еске сақтаса, бұл оқушының есінде берік сақталады дейді. Сондай-ақ, Ш. Әлжанов ойлау мәселелерін талқылағанда мынаған назар аударуы қажет дейді, мұғалім оқу материалдарын сатылап, жүйелі түрде түсіндірмеген кезде, оқушы жүйелі ойлауға үйрене алмайды, оқушының ойлау қабілеттерін дамытуға жағдай тумады. Осылайша, Шәрапи Әлжанов өзінің көптеген еңбектерінде осы тектес психологиялық мәселелерді кеңінен қолданады [5].

Ғалым оқыту мәселесін талдаумен қатар, мектепте саналы қызмет атқару үшін мұғалімнің өз білімін, кәсіби-педагогикалық шеберлігін үнемі жетілдіріп отыруына, мұғалімнің оқушыларды дұрыс түсінуіне ұмтылыс байқатуына, бойында зор талап пен терең талғамның болуына, шынайы білім беру жүйесін насихаттауға аса мән береді.

Педагогика тарихы мен жалпы теориялық мәселелеріне де байланысты құнды ой-пікірлер атап өткендігіне оның көптеген мақалалары дәлел бола алады. Сонымен қатар дүниежүзілік педагогиканың ұлы кемеңгерлерінің мұраларына ғылыми талдау жасаған еңбектері үлгі-өнеге бола алады. Мәселен, әлемдік педагогика ғылымының классигі Я.А. Коменский, қазақтың ұлы ойшыл-ақыны Абай Құнанбаев туралы жазған мақалаларын атап өтуге болады. Оның Абай Құнанбаевтың шығармашылығына назар аударып, педагогика ғылымы тұрғысынан талдаған «Абайдың педагогика туралы көзқарасы» деген мақаласы кезінде жұртшылық назарына ілінген болатын. Шәрапи Әлжанов халқымыздың педагогикалық ой-толғамдарын марксизм ілімі тұрғысынан зерттеуге көңіл бөлген тұңғыш ғалымдардың бірі.

Профессор Ш. Әлжановтың оқулықтары, оқу-әдістемелік құралдарымен қатар сол жылдары әлемдік педагогикалық әдебиеттерді, Н.Г. Чернышевскийдің, Н.А. Добролюбовтың, К. Ушинскийдің, М.И. Калининнің, А.С. Макаренконың және көптеген жазушылардың, педагогтардың педагогикалық шығармаларын қазақ тіліне аудару бастауы – Қазақстандағы педагогика ғылымын дамытудағы елеулі кезең болды.

Шәрапи Есмұқамбетұлы Әлжанов сталиндік зұлматтың құрбаны болып, жазықтан-жазықсыз 1937 жылы абақтыға жабылып, солардың қолынан қаза тапты. Мәскеудегі тәжірибелі де, білімді, өзінің негізгі пәні болған педагогика мен педагогика тарихын терең меңгерген ұстаз, өз халқының абзал азаматы көптеген ғалымдардан тәлім-тәрбие алған.

Шәрапи Әлжановтың ғылыми және әлеуметтік сипаттағы еңбектері сол дәуірдің басты мәселелерін қамтып, қазақ ғылымы мен оқу-ағартушылық саласының іргетасын қалыптастыру барысында артынан із қалдыратындай мәнге ие болды.

Жаңалық атаулыға жаны құмар, ғылымға ынтызар, Ш. Әлжанов қай кезде болмасын өзінің туған халқына қызмет етуге, соның келешегі туралы, оның ұлттық дамуы туралы мәселені еш уақытта ойдан шығармаған. Ұстаздық еткен адамдардың ішінде тек берген білімімен ғана емес, сонымен қатар мінез-құлық, сана-сезім өнегесімен, ішкі жан дүниесімен, жан дүние тазалығымен де шәкірт санасында мәңгі сақталатын ұстаз бола білген ғалым.

1. Жарықбаев Қ.Б. Ғибраты мол ғалым еді. Қазақ педагогикасының алғашқы профессорларының бірі – Ш. Әлжанов туралы (1901-1938) // Алматы ақшамы. – 2001. – 23 қазан (№120). – Б. 3-4.

2. Бердімұратова Қ.Қ. Ш.Е. Әлжановтың педагогикалық көзқарастары // Қазақстан кәсіпкері. – 2010. – 4 сәуір (№83). – Б. 40-44.

3. Әди Шәріпұлы. Көкшетау арыстары. Халқымыздың тұңғыш педагогтарының бірі. // Көкшетау. – 5 қыркүйек (№172). – Б. 3-4.

4. Әлжанов Ш. Ауыл мектептерін политехникаландыру жолдары, Қазақстан баспасы, 1934. – 160 б.

5. Әлжанов Ш. «Қазақстандағы ұлттық мәдениет проблемалары және ғылыми зерттеу педагогика институтының алдындағы кезекті міндеттері» Қазақтың тәлімдік ойлар антологиясы – Алматы, 2009. - 175 б.

* * *

В этой статье рассмотрено значение мыслительной деятельности в активности обучения ребенка и его развитии, которые рассмотрены в работах Ш.Алжанова. Учитывая особенности навыков мышления и памяти школьников, учитель акцентирует внимание на эффективности преподавания в проведении занятий.

* * *

The role of thinking performance in the development and activity of pupils according to Sh. Alzhanov's works is considered. Based on the peculiarities of thinking and memory skills, the effective methods of teaching are developed.

Н.У. Бегалиева

БАЛАЛАР ҮЙНДЕ ТӘРБИЕЛЕНГЕН ЖАСӨСПІРІМДЕРДІҢ ДЕПРИВАЦИЯЛЫҚ БҰЗЫЛЫСТАРЫНЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ СЕБЕПТЕРІ

1990 жылдары психология мен педагогика ғылымдарында жетімдік мәселесіне қызығушылық өсіп, ерекше назар аударыла бастады. Ата-ана қамқорлығынсыз қалған және интернат типтес мекемелерде тәрбиеленіп жатқан балалардың психологиялық дамуын, әлеуметтік бейімделу проблемаларын, олардың өмір сүру қалпын зерттеуге бағытталған ғылыми еңбектер жазыла бастады (И.В. Анисимова, 1992; Л.Н. Галигузова, С.Ю. Мещерякова, И.Ф. Дементьева, 1992; Н.П. Иванова, 1995; И.А. Яковлева, 1992 және басқалар). Қазіргі уақытта бейімделу тиімділігін арттыру мен қазіргі заманғы қоғамда жетім балалар және ата-ана қамқорлығынсыз қалған, интернат типтес мекемелерде тұратын балаларды біріктіру мәселесі ең өзекті мәселе болып тұр. Терең тарихи тамыры бола тұра қазіргі қоғамдық тәрбие жетім балаларды тәрбиелеуде түрлі себептерге байланысты жетімдердің әлеуметтік бейімделу мәселесін тиімді шешеуге дәрменсіз болып отыр, оның ішінде дамуында ауытқушылығы бар балалар да бар.

Балалар үйінде тәрбиеленген жасөспірімдердегі депривацияның әсері олардың әлеуметтік-эмоциялық-еріктік аумағының түрлі бұзылуларына әкеледі. Бұзылыстардың психологиялық себептері әртүрлі болып келеді [1]:

Біріншіден, балалардың негізгі бөлігінің жағымсыз тұқымқуалаушылығы бар, соның ішінде алкоголизм мен тұқымқуалаушылық кездеседі, ал соңғы жылдары психологиялық және неврологиялық патологиямен туылатын жетімдердің саны